

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН  
АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ  
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

**БҰЙРЫҚ**

2024 жылғы «18» 04

Ақтөбе қ.

№ 361

**ПРИКАЗ**

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

г.Ақтөбе

**«Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, Ақтөбе облысының шағын жинақты ауылдық мектептерінің әлеуетін дамыту» пилоттық жобасы қорытындысы негізінде масштабтау шараларын ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 81-тармағын орындау, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.07.2023 жылғы №211 бұйрығы және Ақтөбе облысы әкімдігінің 24.07.2023 жылғы №118 қаулысы негізінде «Қазақстан халқына» қоры, «Білім беруді тұрақты дамыту қорының» қолдауымен бастау алған «Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, Ақтөбе облысының шағын жинақты ауылдық мектептерінің әлеуетін дамыту» пилоттық жобасының қорытындысы негізінде масштабтау шараларын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, Ақтөбе облысының шағын жинақты ауылдық мектептерінің әлеуетін дамыту» пилоттық жобасының қорытындысы бойынша анықталған тиімді тәжірибелер Ақтөбе облысының барлық тірек және шағын жинақты мектептерінде жалғастырылып, таратылсын.

2. Цифрлық технологияларды пайдалана отырып оқытудың тиімді тәжірибелерін тарату мақсатында сабақ беретін мұғалімдер құрамы бекітілсін (1-қосымша).

3. Облыстық әдістемелік оргалығы (Г.Аяпова), аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің, облыстық мектеп-интернат басшыларына:

1) «Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, облыстық шағын жинақты ауылдық мектептерінің әлеуетін дамыту» пилоттық жобасының қорытындысы негізінде анықталған тиімді іс-тәжірибелерді облыс көлемінде масштабтау шаралары ұйымдастырылсын.

2) Тиімді іс-тәжірибелерді тарату шараларына қатысатын әдіскерлер мен педагогтердің нәтижелі жұмыс жүргізуіне қажетті жағдай жасалсын.

3) Шағын жинақты мектептер мен тірек мектептерінің педагогтеріне оқу-әдістемелік қолдау көрсетілсін.

4) Шағын жинақты мектеп оқушыларына сабақ беретін мұғалімдер мен 12 тірек мектебінің тиімді іс-тәжірибелерін тарату үшін аудандық, облыстық семинарлар өткізілсін.

5) Жоба аясында берілген барлық оқу-тәрбие құралдарының оқушыларға сапалы білім беру үшін өз мақсатында толыққанды қолданылуы қатаң бақылауға алынсын.

4. Жобаға қатысатын педагогтерді ынталандыру мақсатында лауазымдық айлықақыларына 15% ынталандыру үстемеақы белгіленсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасарлары Н.Л.Бертлеуоваға, А.Т.Ауезовке жүктелсін.

**Басқарма басшысы**



**Ж. Сұлтан**